

«Бекітемін»

Мектеп директоры:

 Дюсекеева М.О.

«31» 08 2023 ж

«Келісемін»

Директордың оқу ісі

жөніндегі орынбасары:

 Ахметова Ш.А.

«31» 08 2023 ж

Тексерілді әдістемелік

бірлестік жетекшісі:

 Смаилов М.С.

«31» 08 2023 ж

**Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінен
күнтізбелік-тақырыптық жоспары**

2023-2024 оқу жылы

« Бекітемін »

Мектеп директоры
Дюсекеева М.О

« 31 » 08. 2024

КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАР
2023-2024 оқу жылы

Тані: Алғашқы әскери және технологиялық дайындық

Сынып: II

Мұғалім: Смағлов Мирас

Аптасына: 1 сағ.

Жоспарлық бақылау сабақтары : 0 сынақ

Оқулық: «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық». 10 сынып, авт. А.Н.Рыспаева, Е.Б.Адильбаев, Н.Т.Асқаров, А.И.Рихтер, А.М.Ерекешев, А.С.Усербаев, Ж.А.Сатқұлов, С.К.Күптілгелова. – Көкшетау: Келешек-2030 баспасы, 2020 ж.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық». II сынып, авт. А.И.Рихтер, В.Л.Яковенко – Көкшетау: Келешек-2030, 2020 ж.

Демалыстар

Күзгі
Осенние

30 қазан – 08 қараша

Қысқы
Зимние

29 желтоқсан - 07 қаңтар

Көктемгі
Весенние

21 наурыз – 31 наурыз

Түсініктеме хат

«Қазақстан Республикасын қорғау – оның әрбір азаматының қасиетті парызы мен міндеті» - деп Қазақстан Республикасының Конституциясының 36 бабында айтылған.

Оқу бағдарламасы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жанына міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №17669 болып тіркелген):

Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында алғашқы әскери және технологиялық дайындықты жастарға ұйымдастыру және өткізу үшін негіз болып табылады:

- 1) «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылдың 16 ақпанындағы Заңы;
- 2) «Бастапқы әскери дайындық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 12 шілдедегі № 347 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №15725 болып тіркелген);
- 3) «Көлік құралдарының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекеленген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу, Механикалық көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау, Емтихандар қабылдау және жүргізуші кәуәліктерін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 862 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10056 болып тіркелген);

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық меншік түрі мен ведомствалық бағыныстылығына қарамастан, барлық типтегі жалпы білім беретін мектептерде әскерге шақырылуға дейінгі және әскерге шақырылу жасындағы білім алушы жастардың міндетті оқытылатын пәні болып табылады.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәні – білім алушыларды отаншылдық рухқа және Отанды қорғауға дайын болуға тәрбиелеуге бағытталған пән. Ол білім алушыларды төтенше жағдайларда әскери іс негіздері мен адамның өмір қауіпсіздік әрекеті бойынша білім алуына және әскери қызметтің дағдыларын меңгеруге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектебінің 10-11 сыныптарына арналған «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнін оқыту ҚР БҒМ 2020 жылғы «21» сәуірдегі №115 бұйрығына 425-қосымшамен бекітілген

жанартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (жаратылыстану-математикалық бағыттағы, қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы) арқылы жүзеге асырылады.

Пәннің мақсаты – білім алушыға мемлекетті қорғау негіздері туралы ойынның калыптасуын. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің арнауын және түрлері мен ерекшеліктерін түсіндіру, әскери қызметтің маңызын, Қазақстан Республикасының әр азаматының қасиетті парызы және міндетін оқыту.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық»: пәннің базалық мазмұны. 10- сынып.

« Кіріспе сабағы» бөлімі:

- 1) Білім алушыларға «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәніне оқыту мақсат- міндеттері мен мазмұны;
- 2) «Қазақстан Республикасының Қорғаныс және Қарулы Күштері туралы». «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы». «Ұлттық қауіпсіздік туралы». «Азаматтық қорғану». «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын. «Бастапқы әскери дайындық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 12 шілдедегі № 347 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №15725 болып тіркелген). «Көлік құралдарының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекеленген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу. Механикалық көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау. Емтихандар қабылдау және жүргізуші құлдіктерін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014-жылғы 2 желтоқсандағы №862 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10056 болып тіркелген). Алғашқы әскери және технологиялық дайындық сабағында білім алушылардың құқықтары мен міндеттерін қамтиды.

Бөлімдер:

- 1.«Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері – мемлекеттік қауіпсіздіктің кепілі».
2. «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының жалпыәскери жарғылары».
3. «Тактикалық дайындық».
4. «Атыс дайындығы».
5. «Саптық дайындық».
6. «Әскери топография».
7. «Әскери роботты техникалардың негіздер».
8. «Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері».

Тактикалық дайындық алғашқы әскери және технологиялық дайындық бойынша оқу материалын кешенді оқытуға камтамасыз етеді.

Атыс дайындығы бойынша сабақ өткізу кезінде қару және оқ-дәрілерді қолданудың қауіпсіздік ережелеріне баса назар аударған дұрыс.

Саптық дайындық бойынша сабақтар саптық алаңда өткізіледі.

10 сыныпта *әскери топография* сабақтарын білім алушыларға оқытқанда таныс емес аймақтарда картасыз және картамен бағдарлау, сол ауданда өзінің орналасқан орнын анықтау және азимут бойынша жүру бағытын компастың көмегімен және компассыз табуды, сонымен қатар ұшқышсыз қашықтықта аспаптардан алынған ақпараттарды қолдануын үйретуді қарастырады.

Әскери роботты техникалардың негіздері бөлімі: Әскери роботты техникалардың негіздері – Роботтар туралы жалпы мәліметтер. Роботтарды әскери істе пайдалануды. Роботтарды басқару алгоритмі – Роботтың қозғалу траекториясын жоспарлау. Роботтар тобын ұжымдық басқару үлгісі және алгоритмдерін. Роботтарға арналған тапсырмалар – Роботтадың атқара алатын қызметтері. Жекелеген тактикалық міндеттерді шешу: жергілікті жерлерде бағдарлау, роботтардың қиын жағдайларда қызмет ету тәртібін қамтиды.

Өмір қауіпсіздігінің және ақпараттық технологиялар негіздері оқу курсының мазмұны 10- сыныпта «Алғашқы әскери дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесін алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастыршысы жүзеге асырады. Өмір қауіпсіздігінің негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі.

Білім алушылардың практикалық дағдылары мен біліктіліктерін шыңдау және жетілдіру, сонымен қатар әскери істі оқып-үйренуге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында оқу жылының соңында спорттық-қорғаныс сауықтыру лагерінде, әскери бөлім базаларында (әскери бөлім басшылығымен келісе отырып) 10 сынып ұлдарымен 30 сағат көлеміндегі *бескүндік далалық оқу-далалық (лагерьлік) жиыны* өткізіледі.

Далалық-оқу жиындағы (лагерьлік) оқу материалдарын тақырыптар бойынша жоспарлау үлгісі (ұлдарға арналған) 10- сынып.

Бөлімдер:

1. «Тактикалық дайындық».
2. «Атыс дайындығы».
3. «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының жалпыәскери жарғылары».
4. «Саптық дайындық».

5. «Әскери топография».

Оқу-дәста жұмыны құрыы алғашқы әскери және технологиялық дайындық бағдарламасының міндетті кезеңі болып табылады. Ол жергілікті алқару органдырымен бірлесіп ұйымдастырылады және білім беру ұйымдарының оқу саяытарымен камтамсыз етіледі.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің оқу нәтижелерін бағалау үшін ауызыша сұрақ қою, жазба жұмыстың және практикалық жаттығулар бақылауын қолдану арқылы жүзеге асырады.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәнінің мазмұны. 11-сынып.

1. «Әскери қызметтің құқықтық негіздері».
2. «Атыс дайындығы».
3. «Саптық дайындық».
4. «Технологиялық дайындық».
5. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері».

11-сыныпта технологиялық дайындыққа арналған болім жол қозғалысы ережесін және автоқолік құралдарын қауіпсіз жүргізуді зерделегу қарастырылады.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 11- сыныпта «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсының 16- сағаттық жылылық оқу- жүктемекеімен алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушы- ұйымдастырушысы жүзеге асырады. Өмірт қауіпсіздігінің негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі.

Теориялық және зертханалық-практикалық оқу сабақтарының ұзақтығы – 40 минут, ал міндеттерді бектілеу, қортындыт шығару, құжаттама рәсімдеу және білім алушыларды ауыстыру уақыттын қоса алғанда, автомобиль жүргізу бойынша практикалық сабақтардың ұзақтығы – 60 минут.

Зертханалық-практикалық сабақтарды үзіліссіз 80 минут ішінде өткізуге рұқсат етіледі.

Теориялық және зертханалық-практикалық сабақтарды оқытушы өткізеді, автомобиль жүргізу бойынша практикалық сабақтарды көлік жүргізуге үйрету шебері білім алушыларымен жеке жүргізеді.

Зертханалық-практикалық сабақтар бір немесе бірнеше тақырып бойынша тиісті теориялық материалды зерделегеннен кейін иллюстрациялық және зерттеушілік жоспарда жүргізіледі.

Практикалық сабақ басталғанға дейін білім негізгі ережелерді орындау мен қауіпсіздік шараларын сақтау бойынша міндетті нұсқаулықтан өтеді.

Практикалық жүргізу сабақтары әрбір білім алушылармен жек автотренажерлерде, автодромдарда (жүргізіп үйренуге арналған алаңдарда) және 3 жылда кемінде 1 рет жолда жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі аумақтық уәкілетті органда келусінен откен үйрету бағыттарында өткізіледі. Білім алушылардың деңгейін анықтау және оның білімін бағалау үшін қортынды сабақтар өткізіледі.

Сабақтың, сабақан тыс және сыныптан тыс іс-шаралардың тәрбиелік мақсатын «Мәңгілік Ел» идеясымен ұштастырып жүзеге асыру ұсынылады.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру және жоспарлау барысында 2020-2021 оқу жылында мерекеленетін мерейтойлық шараларға қоңіл болу ұсынылады.

Үлгік оқу жоспарына сәйкес (ҚР БҒМ 2020 ж. 21 сәуірдегі №154 бұйрығы) «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» (АӨТД) оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 10- сыныпта -аптасына 1 сағат, жылына 34 сағат, сондай-ақ далалық оқу жиынына (лагерьлік) вариативті бөлімінен 30 сағат қарастырылған;
- 2) 11- сыныпта – аптасына 1 сағат, жылына 34 сағат.

11-сыныптар. Барлығы — 34 сағат (аптасына 1 сағат)

№	Тараулардың атауы, бөлінген сабақ тақырыптары	Сағат саны	Күні, айы	Үйге тапсырма	Сабақтың түрі	Панаралық байланыс	Көріністілік құралдар
1.	1-бөлім. Әскери қызметтің құқықтық негіздері — 3 сағат. Әскери қызмет — Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік қызметінің ерекше түрі. Әскери қызметті өткеру қажеттілігі. Қазақстан Республикасы азаматтарының әскери міндеттері туралы заңдар.	1		§1. 7-13 бет	Теория	Құқық негіздері	ҚР Конституциясы АӘЖТД оқулығы
2.	Қазақстан Республикасы азаматтарының әскери міндеттілігінің мазмұны. Әскери есепке алу. әскери қызметке даярлау. әскери қызметке кірісу. Шақыру және келісімшарт бойынша әскери қызмет, запаста болу.	1		§2. 14-21 бет	Теория	Құқық негіздері	«Әскери қызмет және әскери қыз. мәртебесі туралы» заң.
3.	Әскери қызметшінің мәртебесі. Әскери қызметшілердің негізгі құқықтары мен міндеттері. Әскери қызметті өткеру тәртібі мен мазмұны. Әскери қызмет мерзімі. Әскери қызметшінің мәртебесі. Әскери қызметшілердің негізгі құқықтары мен міндеттері.	1		§3, 22-26 бет	Теория	Құқық негіздері	ҚР Қарулы Күштерінің Тәртіптік жарғысы
4.	3-бөлім. Саптық дайындық — 2 сағат. Саптық тәсілдер және қозғалыс. Саптық тәсілдерді орнында тұрып орындау. Саптық тәсілдерді қозғалыста орындау.	1		§1. 44-50 бет	Тәжірибе	Дене шынықтыру	Саптық жарғы

5.	Бөлімшені сапқа тұрғызу. Бөлімшенің өрістетілген сабы. Саптық тәсілдерді орнында және қозғалыста орындау.	1		§2, 51-54 бет	Тәжірибе	Дене шынықтыру	Саптық жарғы
6.	2- бөлім. Атыс дайындығы – 3 сағат. Атыс жүргізу негіздері. Оқтың атылу құбылысы. Оқтың бастапқы ұшу жылдамдығы. Қарудың кері жүлқуы. Троекторияның қалыптасуы. Оқтың тескіштік және киратқыш әрекеті. Тура арудың практикалық маңызы.	1		§1, 27-35 бет	Теория	Физика	АӘЖТД оқулығы. Слайдтар
7.	Атыс жүргізу ережелері. Қашықтықты анықтау тәсілдері және мыңдық формуланы қолдану. Көздеу (дәлдеу) элементтері. Қозғалмайтын нысаналарды ату кезінде көздеуіш қалыбы мен көздеу нүктесін таңдау.	1		§2, 36-42 бет	Теория және тәжірибе	Физика	АӘЖТД оқулығы. Атыс қаруы
8.	Атыс жүргізу ережелері. Қашықтықты анықтау тәсілдері және мыңдық формуланы қолдану. Көздеу (дәлдеу) элементтері. Қозғалмайтын нысаналарды ату кезінде көздеуіш қалыбы мен көздеу нүктесін таңдау.	1		§2, 36-42 бет	Теория және тәжірибе	Физика	АӘЖТД оқулығы. Атыс қаруы
9.	4- бөлім. Технологиялық дайындық – 10 сағат. Дөңгелекті машиналарды жүргізу негіздері мен ережелері. ҚР жол жүрісі саласындағы заңдары мен өзге де құқықтық актілері. Көлік құралдарының санаттары. Жүргізушінің жұмыс орны.	1		§1, 56-62 бет	Теория	Физика	«Жол жүрісі» туралы заң. оқулық
10.	Жол қозғалысына қатысушылардың міндеттері. ҚР Жол жүрісі қағидаларында кездесетін негізгі ұғымдар мен терминдер. Жүргізуші, жаяу жүргінші және жолаушылардың міндеттері. Жүргізуші өзімен алып жүруі тиіс құжаттар.	1		§2, 63-79 бет	Теория	Физика	«Жол жүрісі» туралы заң. оқулық

11.	Бағдаршамдар мен реттеушінің сигналдары. Бағдаршамның және реттеушінің сигналдары. Арнайы сигналдардың қолдануы. Авариялық сигнал беру мен авариялық аялдау белгісін қолдану. Маневр жасау. Көлік құралдарының жолдың жүру бөлігінде орналасуы.	1	§3. 80-94 бет	Теория	Физика	«Жол жүрісі» туралы заң. оқулық
12.	Жол белгілері. Ескерту белгілері. Басымдық белгілері.	1	§4, 95-115 бет	Теория	Физика	«Жол жүрісі» туралы заң. оқулық
13.	Жол белгілері. Тыйым салынатын белгілер. Нұсқайтын белгілер.	1	§4. 95-115 бет	Теория	Физика	«Жол жүрісі» туралы заң. оқулық
14.	Жол белгілері. Ақпараттық-нұсқайтын белгілер. Сервис белгілер. Қосымша ақпарат белгілері.(тақтайшағар)	1	§4. 95-115 бет	Теория	Физика	«Жол жүрісі» туралы заң. оқулық
15.	Жол таңбалары және оғардың сипаттамалары. Жол таңбаларының жіктелісі. Көлденен және тік таңбалардың талаптарына сәйкес жүргізушілердің іс-әрекеті. Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелер.	1	§5. 116-126 бет	Теория	Физика	«Жол жүрісі» туралы заң. оқулық
16.	Қозғалыс жылдамдығы. Жүріс жылдамдығы. Басып озу, Қарсы келіп жол айырысу. Аялдау және тоқтап тұру. Жол қиылысынан өту. Жаяу жүргіншілер өткелдері және маршруттық көлік құралдарының аялдамалары.	1	§6. 127-137 бет	Теория	Физика	«Жол жүрісі» туралы заң. оқулық
17.	Әртүрлі жағдайдағы қозғалыс. Теміржол жолдары арқылы жүру. Автоматистралдарда жүру. Тұрғын аймақтарда жүру. Маршруттық көлік құралдарының басымдығы. Сыртқы жарық беру аспаптарын және дыбыстық сигналдарды пайдалану.	1	§7. 138-145 бет	Теория	Физика	«Жол жүрісі» туралы заң. оқулық

18.	Жолаушылар мен жүктерді тасымалдау. Механикалық көлік құралдарын сүйрету. Көлік құралын жүргізуді үйрену. Жолаушыларды тасымалдау. Жүктерді тасымалдау. Велосипелтерді, мопелтерді, ат-арба көліктерін жүргізуге, сондай-ак мал айдауға қойылатын қосымша талаптар. Тірек қимыл аппараты бұзылған адамдардың жол жүрісін қамтамасыз ету.	1		\$8, 146-154 бет	Теория	Физика	«Жол жүрісі» туралы заң, оқулық
19.	5-бөлім. Өмір қауіпсіздігінің негіздері – 16 сағ. Қауіпсіздік негіздері және қауіптерді жіктеу. Қауіптердің негізгі ұымдары мен жіктелуі. Қауіпсіздік техникасы, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау.	1		\$1, 156-159 бет	Теория	Биология	АӘЖТД оқулығы. Слайдтар
20.	Қоршаған орта мен адамның қауіпсіздігі. Физикалық, химиялық және биологиялық факторлар арқылы адам денсаулығына әсер ету.	1		\$2, 160-163 бет	Теория	Химия. Биология.	АӘЖТД оқулығы. Слайдтар
21.	Қоршаған орта мен адамның қауіпсіздігі. Физикалық, химиялық және биологиялық факторлар арқылы адам денсаулығына әсер ету.	1		\$2, 160-163 бет	Теория	Химия. Биология.	АӘЖТД оқулығы. Слайдтар
22.	Әртүрлі тұрмыстық жағдайларда жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Электр энергиясы және тұрмыстық газбен қауіпсіз жұмыс жүргізу. Тұрмыстық химия құралдарын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік шаралары. Компьютерді пайдалану кезіндегі қауіпсіздік қауіпсіздік шаралары.	1		\$3, 164-169 бет	Теория	Физика. Информатика	АӘЖТД оқулығы. Слайдтар
23.	Техногендік сипаттағы қауіптілік. Өнеркәсіптік авариялар, олардың қысқаша сипаттамасы және ықтимал салдары.	1		\$4, 170-174 бет	Теория	Биология. География	АӘЖТД оқулығы. Слайдтар

24.	Техногендік сипаттағы қауіптілік. Өрт және жарылыс қауіпі бар нысандардағы авриялар. Гидродинамикалық авриялар.	1	\$4. 170-174 бет	Теория	Биология. География	АӘЖТД оқулығы. Слайдтар
25.	Экологиялық қауіпсіздік. Ауа және судың ластануы. Минералды тынайытқыштар мен пестицидтерді пайдалану. Топырақтың ластануы.	1	\$5. 175-179 бет	Теория	Химия. Биология	АӘЖТД оқулығы. Слайдтар
26.	Табиғи жағдайда автономды өмір сүру. Ерікті және мәжбүрлі автономия. Аман қалу тәсілдері. Алып жүретін авриялық қор.	1	\$6. 180-185 бет	Теория	Биология	АӘЖТД оқулығы. Слайдтар
27.	Табиғи жағдайда автономды өмір сүру. Ерікті және мәжбүрлі автономия. Аман қалу тәсілдері. Алып жүретін авриялық қор.	1	\$6. 180-185 бет	Теория	Биология	АӘЖТД оқулығы. Слайдтар
28.	Кримногендік жағдайларда өзін-өзі қауіпсіз ұстау негіздері. Көшедегі қауіпсіздік. Қоғамдық орындардағы қауіпсіздік. Адамдар көп жиналатын жердегі қауіпсіздік.	1	\$7. 186-190 бет	Теория	Құқық негіздері	АӘЖТД оқулығы. Слайдтар
29.	Кримногендік жағдайларда өзін-өзі қауіпсіз ұстау негіздері. Көшедегі қауіпсіздік. Қоғамдық орындардағы қауіпсіздік. Адамдар көп жиналатын жердегі қауіпсіздік.	1	\$7. 186-190 бет	Теория	Құқық негіздері	АӘЖТД оқулығы. Слайдтар
30.	Террористік акт қауіпі кезінде жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Жарылыс қауіпі туындаған кезде әрекет ету ережелері. Кепілдікке алынған жағдайда.	1	\$8. 191-195 бет	Теория	Дене шынықтыру	АӘЖТД оқулығы. Слайдтар
31.	Ақпараттық кеністіктегі киберқауіпсіздік негіздері. Киберқауіпсіздіктің негізгі ұғымдары. Әлеуметтік желілерде қауіпсіз қарым-қатынас жасау ережелері. Ашық қолжетімді Wi-Fi желілерін қауіпсіз пайдалану ережелері.	1	\$9. 196-200 бет	Теория	Информатика	АӘЖТД оқулығы. Слайдтар

32.	Жаппай зақымдану кезіндегі алғашқы көмек көрсету. Алғашқы көмек көрсету ерекшеліктері. Көмектің түрлері. Зардап шеккендерді зақымдау ошағынан эвакуациялау тәртібі.	1		§10, 201-205 бет	Теория	Биология, химия	АӘЖТД оқулығы. Слайдтар
33.	Негізгі жұқпалы аурулар. Уланулар, интоксикация және олардың алдын алу. Жұқпалы аурулардың жіктелуі және оның алдын алу. Уланудың негізгі түрлері. Улану кезіндегі іс-әрекеттің жалпы алгоритмі. Уланудың негізгі түрлері. Интоксикация кезіндегі көмек.	1		§11, 206-212 бет	Теория	Биология	АӘЖТД оқулығы. Слайдтар
34.	Жол-көлік оқиғасы кезінде зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету. Автокөліктің медициналық қобдишасында болуы тиіс дәрі-дәрмектердің тізбесі мен олардың қолданылу мақсаты. Өртүрлі жаракаттар кезінде алғашқы көмек көрсету ережелері. Жүрек қызметі мен тыныс алуы кенеттен тоқтаған адамға көрсетілетін алғашқы көмек.	1		§12, 213-219 бет	Теория	Биология	АӘЖТД оқулығы. Слайдтар
	Барлығы	34					

АӘТД пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы



Смаилов М.С